



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКСОЙ КАФЕДРАСЫ
ТҮРКСОЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ ҰЙЫМЫ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
СТАМБҰЛ УНИВЕРСИТЕТІ

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТҮРКІТАНУ»

АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

17 ҚАРАША 2017 ж.



МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТҮРКОЛОГИЯ

В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»

17 НОЯБРЯ 2017 г.



MATERIALS

OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
METHODOLOGICAL CONFERENCE

«TURKOLOGY

IN THE MODERN WORLD»

NOVEMBER 17, 2017



МАЗМУНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтановтың кіріспе сөзі	3
Халықаралық түркі академия президенті Дархан Қыдырәлінің құттықтау сөзі	4
Авакова Р.А. Түркітану ғылымының парадигмасы.....	5
Babayarov G. B. (Ташкент, Узбекистан) On the tamgas of pre-islamic coins of Central Asia.....	10
Ысқақұлы Д. Түркілік ортақ әдебиет тарихын жасау мәселелері	14

БАЯНДАМАЛАР

1-СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОЛОГИИ И ТЕОРИИ ПЕРЕВОДА ACTUAL PROBLEMS OF MODERN PHILOLOGY AND THEORY OF TRANSLATION

Abdulrahmanli N. Türkiye türkçesinden azerbaycan türkçesine Çeviri sorunlari.....	20
Ақайұлы Ы. Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы»: «аудармадағы» сәйкессіздіктер	22
Гаффорова З. Н. (Ташкент, Узбекистан) Трактовка образа пророка Мухаммада (с. а. в.) в газелях <i>наът</i> на тюрки Алишера Навои	25
Дустмуродов М. М. (Ташкент, Узбекистан) Некоторые топонимические лексемы в Орхун-Енисейских памятниках	30
Ескеева М.Қ Жалпытүркілік лексикалық қабат.....	33
Есбосынов Е.З. Kazakça Ağizlarıyla İlgili Profesörlük Tezi Üzerine	37
Yuldybayeva G. V. (Уфа, Россия) Zayatulek İle Hiuhiliu Başkurt Mitoloji Destaninin Poetik Özellikleri.....	40
Керімұлы Ә. Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны туралы.....	44
Кириллова З.Н. (Казань, Россия) Тюркские слова, устаревшие для современного татарского языка, и заимствования в говорах крещеных татар.....	48
Кадирова Энже (Казань, Россия) Семантика глагола ор- в татарском языке: диахронический аспект	52
Қалыбаева Қ. Түркі тілдеріндегі тоғысу құбылыстары	55
Конкабаева Н. «Ат-тухфа аз-закия фил-луғат ит-түркийя»: ит атауына байланысты тілдік бірліктер.....	59
Қуанышбаев Е.А. Қазақ тілінің латын әліпбиіне өту кезеңдері мен ұстанымдары.....	64

	Қыдырбаева Ү.Т. (Мугла, Түркия) Әбілқайыр ханның ресми хаттарындағы фонетикалық ерекшеліктердің салыстырмалы зерттелуі	67
	Махкамова Д.Ш. (Узбекистан, Ташкент) Новый взгляд на коренные тюрские слова в узбекском языкознании в период независимости (например книги М.М.Миртажиева «Исследование тюрских коренных слов»)	71
	Олимов Ф. С. (Узбекистан) Язык и стиль произведения Алишера Навои «Хамсат Ул-Мутахаййирин» («Изумительная пятерица»)	74
	Омарұлы Бауыржан (Астана, Қазақстан) Тоқтағұл Сатылғанов шығармашылығындағы қозақ-қырғыз әдеби байланыстарының Үлгілері ..	78
	Pilgir Serap Kazak dilinde geçişsiz fiillerin edilgen yapılmaları	83
3	Садықова Р.К., Сейдомарова С.Н. Қазақстандағы аударма теориясының зерттелуі	87
4	Султонмурод О. (Узбекистан) Сравнительное изучение поэмы “Лисан Ут-Тайр” (“Язык Птиц”) Алишера Фани (Навои) в контексте синтеза персоязычной и тюркоязычной поэзии.....	90
5	Töre M. (Хажетеппе, Турция) Türkmencede Bazı Morfofonolojik Nöbetleşmeler.....	96
10	Шадкам З., Мадибалаева А.Е. Методы перевода официально-деловых документов с турецкого языка на казахский язык.....	102
14	Шаймердинова Н.Г. Жизнь и творчество Дмитрия Михайловича Насилова.....	105
	Шүленбаев Н. Қ. Терминдер синонимділігі және оларды біріздендіру.....	108

2 СЕКЦИЯ

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ МЕН ТАРИХҚА ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА И СОВРЕМЕННЫЕ ВЗГЛЯДЫ ФИЛОСОФИИ И ИСТОРИИ SPIRITUAL CULTURE AND MODERN VIEWS OF PHILOSOPHY AND HISTORY

20	Abdikadyrova Zh.B. Women's issue in the intellectual history of turkic countries.....	115
22	Авакова Р.А., Күзенбаева А. Әлемнің тілдік бейнесі: қазақ концептісі	118
25	Акмишева Ж. Ә. Түркі эпиграфикасындағы символдық таңбалар және олардағы әлемнің тілдік бейнесі.....	123
30	Заирова Н. Ш., Алжанбаева У. Т. Влияние суфизма на казахскую литературу XIX-XX вв.	126
33	Зияева Д. Х. (Узбекистан) Из истории традиционной медицины в Туркестане (конец 19 – начало 20 Вв.).....	130
37	Ешметова Б Жазудың дамуы: тіл мәдениеті контекстінде.....	133
40	Журақузиев Н. И (Узбекистан, Ташкент) Буддийские письменные источники древнетюркской литературы и мифологии.....	138
44	Иманбердиева С.Қ. Астана Мақал-мәтелдердегі ағайын/туыс компоненті.....	142
48	Кортабаева Г.К., Аюпова Д. Зооморфизм оленя в тюркской мифологии.....	146
52	Куванбакиева А.Н. Символическое значение чисел во фразеологизмах казахского языка: лингвокультурологический аспект.....	152
55	Қыдыр Т.Е. Ясауи мұрасын зерттеп, зерделеудегі бүгінгі өзекті мәселелер.....	158
59		
64		

Magazova A.M. Cultural differences in nonverbal communication	161
Майданқызы Б. Авакова Р.А., Исло – фрагмент мифолого-философской картины мира	164
Мамедов К. (Бақы) Кипчаки в южном Кавказе.....	170
Мереева А.К. Көне түркі тіл мәдениет құндылықтарының ерекшеліктері.....	172
Мусабекова У.А., Айдарбекова А.С. Нравственные традиции в устно-поэтическом творчестве тюркского народа.....	176
Nuriyeva F.Ş. Tatarlarda hafta günleri adları	180
Омарова Г.С. Түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтар.....	183
Сарсен Ш.М. Қортабаева Г.Қ. Қобыз аспабының тілдік бейнесі: шығу тарихы, түрлері, шамандық рөлі.....	188
Сейдомар Б. Көне түркі өркениетінің құпиясы.....	191
Сүлейменов П.М. Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Ж. Баласағұн дастанындағы әділетті басшы, қоғам жайлы көзқарасы.....	197
Телебаев Г.Т. Тюркская этическая традиция: вклад аль-Фараби	202
Tekin Önal (Ankara, Türkiye) Almati (Alma-ata) ayaklanmasi ve kazakistan'in bağımsizlik süreci	205
Турегельдиева А.С., Фабитов Т.Х. Қазақ халқының дүниетанымы: экологиялық мәдениет пен сананы қалыптастыру	211
Тұяқбаев Ө.О. Қазақ танымындағы сопының тұлғалық бейнесі.....	215
Халықова Н., Омаров Н. Көне түркі дүниетанымымен байланысты туындаған ұғымдар мен мифтік сюжеттердің қазіргі қазақ прозасындағы көрінісі.....	221
Hasan M. (Baku, Azerbaycan) Sengiz aytmatov'un eserlerinin azerbaycan tiyatrolarında gösterisi üzerine.....	225
Kholov V. (Узбекистан, Tashkent) The formation and development of central asia studies in	228
Чинари А. Ясауи мен Мәуләнәнің сопылық көзқарасын зерделеу.....	231
Юсупова Д.Б. Қазақ және ұйғыр тіліндегі тағам атауларының ерекшеліктері.....	236

3-СЕКЦИЯ

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Абитиярова А.А., Қожабекова Р.Т. Сөйлеу қателері: түрлері және тілдік күздіреттілік.....	240
Akjarkin Abuova Yabancı dilin öğretiminde dinlemenin ve konuşmanın önemi.....	243
Алжанбаева Ұ. Араб графикасымен жазылған ортағасырлық түркі әдеби ескерткіштерін оқыту әдістері... 246	
Әбелдаев Ж.Ә. Ортағасыр түрік әдебиетін оқыту әдістері.....	249
Байбосынова М.А.	

Культу
Барль
Крите
Бүркі
Қазақ
Донб
Мәде
тілде
Жана
Тари
Жүн
Маг
ерек
Жүн
Қаза
Ибр
Кла
жол
Ис
Ше
Қа.
Тү
Қо
Әл
На
Тү
Ж
М
С
Қ
С
Ж
Т
Д
І
Е
/
С
/

161	Культура речи и современная риторика	252
	Барлыбаева М. С.	
164	Критериальное оценивание в начальных классах	256
	Бүркітбаева Ш.	
170	Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиетін оқытудың маңыздылығы.....	260
	Донбаева А.Б.	
172	Мәдениаралық қарым-қатынастағы контрастивтерді оқыту (қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдері негізінде).....	263
	Жанатаева К.Б.	
176	Тарих пәнін оқытудағы интерактивті әдістің тиімділігі.....	270
	Жүніс Қ.Ә.	
180	Магистрлерге білім беру саласындағы ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері мен ерекшеліктері	274
183	Жүнісбаева Ж. Қ.	
188	Қазақ тіліндегі ішкі флексия құбылысының ерекшеліктері.....	278
	Ибрагим Д.Ө., Сарқанбаева Қ.	
191	Классикалық түрік әдебиетін оқытудың алғашқы баспалдағы: негізгі қайнар көздерін оқыту жолдары	282
	Исламова А.Т.	
197	Шетел сөздердің мектеп оқулықтарында қолданылу аясы	285
202	Қалиев А.Қ., Теменова Г.Қ.	
205	Түрік тілінде сөз мағынасын оқытудың кейбір мәселелері.....	291
	Қорғабаева Г.	
211	Әлем тілдеріндегі түркізмдерді оқыту парадигмасы.....	296
	Назарова А.	
215	Түрік тілінің грамматикасын оқытудағы ерекшеліктер.....	299
	Жүніс Қ.Ә., Раймова Г. Ж.	
	Modernization of education in modern kazakhstan: multilingual education.....	303
	Саденова А.Е., Курманова Т.В.	
221	Қазақ тілін шетелдіктерге меңгертудің прагматикалық уәжділігі.....	306
	Серикбаева Г.Ж.	
225	Жоғары оқу орындарында қазақ тілін мамандыққа сәйкес үйрету мәселесінің зерттелуі.....	310
	Теменова Г., Рысбаев Ә.	
28	Фразеологизмдерді лексика-грамматикалық сипаттарына қарай топтастырып меңгеру жолдары... 313	
	Шаймерденова Ж. К.	
31	Білім берудегі бағалаудың қалыптасуы	318
	Айтбай Б. Шадаева М.Б.	
36	Жапон тіліндегі «-te kuru» - «-п келу» көмекші етістігінің аспектісі туралы.....	322
	Сабырданқызы Г. Матай Б.	
	Түркі дүниесіне қытайдың жиырма төрт түрлі ықпалы:оқытудың маңыздылығы.....	325

Это помогает мне как учителю своевременно оказать помощь ребёнку, а ученику не испытывать тревоги. Он знает, что на помощь ему придёт или учитель, или другие ребята.

Итак, я считаю, что технология критериального оценивания способствует формированию универсальных учебных действий обучающихся, но и ставит обучающегося в субъектную позицию при оценке своих результатов.

Применение критериального оценивания даёт возможность и учителю оценить эффективность применяемой педагогической технологии, увидеть, чего ему удалось достичь в обучении детей, и над чем ещё предстоит работать.

Список использованной литературы:

1. Буева Л.П. Человек, деятельность и общение. – М.: Мысль, 1978. –216 с.
2. Злобина Е.Г. Общение как фактор развития личности. –Алматы: Ғылым, 1981. –115 с.
3. Әбиев Ж, Құдиярова, Бабаев Педагогика «Нұрлы әлем». . –Алматы.
4. Лернер И.Я. Система методов обучения (дидактический аспект) // Совершенствование обучения русскому языку. – М.: 1981. С. 14-27е методов
5. И.П.Подласый «Педагогика» - I том. –1999, изд. «Владос», 576 с.
6. И.Курисевич Основы общей дидактики. – М.: высш. шк., 1986.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бүркітбаева Шынарай

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығыстану факультеті

ТҮРКСОЙ кафедрасының I курс докторанты

burkitbaeva.1975@mail.ru

Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиеті әлемдік сөз өнері құрамындағы көркемдік жалғастық қозғалысы арнасын құрайтын рухани құндылық болып саналады. Мақалада Қазақстандағы және әлемдегі түркі және басқа да халықтардың фольклоры мен әдебиеті мұраларын қазіргі заманғы көзқарастар аясында қарастырып жатқан жаңа зерттеулер сөз болады.

Kazakistan'daki Türk halklarının edebiyatı, kelime sanatı dünyasında sanatsal bir süreklilik kanalı olan manevi bir değer olarak kabul edilir

Makalede Kazakistan'daki türkü halklarının edebiyatına modern yaklaşımlar konusundaki yeni araştırmalar tartışılacaktır.

The literature of the Turkic peoples in Kazakhstan is considered to be a spiritual value which is the channel of artistic continuity in the world of word art. In the article, new research on the subject of modern approaches to literature of Turkic peoples in Kazakhstan will be discussed.

Литература тюркских народов в Казахстане считается духовной ценностью, которая является каналом художественной преемственности в мире словарного искусства. В статье будут обсуждены новые исследования по теме современных подходов к литературе тюркских народов Казахстана.

Түркі халықтарының әдебиеті дүниежүзі өркениеті кеңістігіндегі көрнекті рухани мәдениет қазынасы болып саналады. Әлем халықтарының сөз өнері дамуындағы көркемдік жалғастық жүйесінде ұлттық және жалпыадамзаттық дүниетаным тұтастығы сабақтастығын сақтаған түркі халықтарының әдебиеті шығармалары да өзіндік сарынымен бағаланады. Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиеті де әлемдік сөз өнері құрамындағы көркемдік жалғастық қозғалысы арнасын құрайтын рухани құндылық болып саналады. Қазақстан Республикасы мемлекеттігін құрушы негізгі, байырғы ұлт – қазақтар.

Қазақ ұлтының осы дәуірге дейінгі мыңжылдықтар белестерінен өткен пайда болу, қалыптасу, даму жолдары да туысқан түркі тілдес халықтар тарихымен ортақ сипаттарымен ерекшеленеді. Түркі өрениеті – қазіргі Қазақстан Республикасының және жер бетіндегі түркі тілдес халықтар тарихының ортақ кезеңі. Планетаның барлық құрлықтарындағы түркі тілдес халықтар байырғы түркі өркениеті дамығын дәуірлерді, атамекен географиялық кеңістіктерді, әлемдік материалдық және рухани мәдениет жетістіктеріне негіз, үлгі бастау көрсеткіші болған жемістерді – бәрін де қазіргі Қазақстан Республикасы тұрпатынын таниды.

Қазіргі Қазақстан Республикасы – мыңжылдықтар белестерінен өтен бүгінгі дәуірге жеткен, болашаққа ұласқан түркі өрениеті құндылықтарының тарихи мұрагері, негізгі иесі. Осымен бірге, қазіргі заманғы түркітану бағдарымен жүргізілетін жаратылыстану, техникадық және гуманитарлық ғылымдар салаларының барлығы да тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы мен соңғы тарихындағы осы жалпытүркілік өркениеттегі дәстүр жалғастығы ұстанымын негізге алады.

Бұл орайда Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясындағы көркемдік жалғастық пен ұлттық ерекшеліктерінің өзектілігі айқын танылады. Қазақстандағы түркі халықтары (түркі, ұйғыр, татар, т.б.) поэзиясы байырғы түркі өркениеті фольклоры мен әдебиетінің көркемдік сақ, ғұн, түркі халықтарында негізі қалаған лирикалық және эпикалық поэзия жанрлары шығармаларындағы мазмұн мен пішін жүйесі әлем әдебиетінің дамуына қосылған үлесінің маңыздылығымен бағаланады. Қазақстан Республикасы халықтарының фольклор мен әдебиеті – қазіргі заманғы фольклортану және әдебиеттану зерттеулері нысанына енді алына бастаған зәру мәселердің бірі.

Тарихи әдеби даму қозғалысы – өмір шындығы оқиғалары мен сөз өнері туындыларының өзіндік бірлікте болуының құбылысы. Жеке адамдардан құралатын тұтас халықтың қоғамдық – мәдениеттік оқиғалар ортасындағы тығдыр сипаты тарихи дамудың қозғалысын құрайды. Тарихи дамудың үдерісінің көп ғасырлар бойы үздіксіз жалғасқан жолында түркі халықтарының көркемдік даму дүниетанымы арқылы ұрпақтардың ұлттық – отаншылық, адамгершілік – имандылық қасиеттері ата – бабалық негіздерін сақтап келеді.

Түркі халықтары әдебиетінің тарихилық болмысын құрайтын даму желісінде, әрине, байырғы түркі қағанаттары дәуірлерінің жазбаша ескерткіштерінің мәтіндері, мүсін, сәулет ескерткіштері (Алтын Орда, Тонықөк жазулары, Есіктен, Маңғыстаудан табылған алтын адамдар, т.б.) барлығы да түркі халықтарының негізгі Отаны қазіргі Қазақстан екендігін дәлелдейді. Түркі халықтары өмір сүрген Азия мен Еуропаның барлық аймақтарындағы материалдық және рухани мәдениет туындыларының барлығы да қазіргі Қазақстандағы байырғы өркениеттен бастау алғандығы дәлелденуде.

Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің ежелден тарихи негізділігін қалыптастырған кезең – Алтын Орда мемлекеті дәуірі. Алтын Орда мемлекеті кезеңдегі әдебиет – байырғы түркілік негізділігін сақтай отырып, Еуропалық және шығыстық әдеби ықпалдастық үдерісін жүзеге асырған сипатымен ерекшеленеді. Алтын Орда мемлекетіндегі қазақ әдебиеті дамуы туысқан түркі тілдес халықтар әдебиетін тұтастандыра, шоғырландыра дамытқан ықпалымен айқындалады. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының тарихи негізді бастаулары қатарында Алтын Орда – Египет қарым – қатынастары (XII ғ. Ортасы мен XIV ғ. Соңы) да ықпалды орын алады. Екі мемлекет қатынастарындағы ортақ қыпшақ әдеби тілінде дипломатиялық іс қағаздары, ақындардың лирикалық және эпикалық шығармаларындағы поэтикалық тектестік, үндестік түркілік ортақ көркемдік жалғастықты сақтады.

Бұл көркемдік жалғастық арнасында түркі халықтары әдебиеттері қатарлас, сабақтас дамыған аймақтарының (Алтын Орда астаналары орналасқан Еділ бойы одан кейін Сырдария өзені жағалауы, Түркия орналасқан Анадолы атырабы, мәмлүк қыпшақтары билігіндегі Мысыр мен Сирия жері) – кейінгі жалпытүркілік дамуға негіз болғандығы айқындалады. Демек, Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы – сөз арқауында байырғы түркі өркениеті (V-VIII ғ.ғ.), орта ғасырлық ислам дәуірі (IX-XI ғ.ғ.), одан кейінгі Алтын Орда (XII-XIV ғ.ғ.), Египеттегі мәмлүк қыпшақтары мемлекеттері (XV-XVI ғ.ғ.), Түркия мемлекеттері кезеңдерінде қалыптасқан әдебиет дәстүрін жинақтаған көркемдік жалғастық көрсеткіші. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының тарихи әдеби даму үдерісін сақтауы бүгінгі және болашақтағы ұрпақтарға жалғастыруы – табиғи заңдылық. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының көркемдік үрдістерді байытуымен жаңаша тұтастандыра дамытуымен бағалы.

Қазіргі Қазақстандағы түркі халықтары (түрік, ұйғыр, татар, өзбек, әзірбайджан, т.б.) әдебиеті – қазақ сөз өнері шығармаларымен тарихи тамырластығын, поэтикалық үндестіктерін сақтай отырып, ұлттық-этнографиялық сипат өзгешеліктерімен дамуда. Қазақ фольклортануы мен әдебиеттануының көрнекті ғалымдары Ш.Уалихановтың, А.Байтұрсынов, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Б.Кенжебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Марғұланның, С.Қирабаевтың, С.А.Қасқабасовтың, Н.Келумбетовтың, А.Қыраубаеваның, А.Егеубаевтың және т.б. Ғалымдардың еңбектерінде Қазақстандағы түркі халықтары фольклоры мен әдебиеті мұраларының өзекті мәселелері үнемі сөз арқауына алынуымен келеді.

XX ғасырдың екінші жартысымен қазіргі XXI ғасыр басындағы Қазақстандағы түрік халықтары (түрік, ұйғыр, татар, т.б.) поэзиясының көркемдік жалғастық дамуы заңдылығымен сақталуы қазақ мәдениетінің әлем өркениеті кеңістігіндегі тұғырын нығайта түсетін ақиқат. Қазақстандағы түрік ақындарының поэзиясы – ұлттық және жалпытүркілік сөз өнері дамуы көркемдік жалғастығының

көрсеткіші. Қазақстандағы түрік қаламгерлері шығармашылығы Х-XX ғ.ғ. аралығында Кіші Азиядағы Анадолы түбегінде орналасқан Түркияның әуелде Қазақстаннан басталған ата – бабалық тарихымен сабақтастырыла бағаланады.

Түркия Республикасының IX-X ғ.ғ. тарихи әуелгі Отаны – қазіргі Қазақстан. Байырғы Тұранның Х ғасырда Анадолы атырабына қоныс аударған түріктердің тарихы, тағдыры қазақ халқы қайраткерлерінің үнесі назарында болып келді. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы ахысқа түріктері – XX ғ. 20-30-жылдары болған саяси қуғын-сүргін зардабын тартқан халық. Тарихи мекендерінен Түркия, Грузия, Ресей мемлекеттерінің саясаты салдарынан ажыраған ахысқа түріктері байырғы ата-бабалық қоныс Қазақстанда ғана баянды өмір сүру бақытына ие болғандары – тарихи ақиқат. Қазақстандық түріктер қазақ халқын өздерінің сақталуындағы басты тірек санайды.

Қазақстандық түріктердің де өзіндік әдеби шығармашылығы бар. Ахысқа түріктерінің де жыраулық, суырып салмалық ақындық дәстүрі біршама сақталған. Қазақстан түріктері поэзиясын құрайтын ақындар – ашықтар: Джеври, Меркуоглы, Чиркини, Эмраһ, Гариб, Гүлалы, Хашими, Хаста Хасан, Исмайл, Иззет, Нури, Севдайы, Ташдемир, Алиев Пилош Мәһәммәт оглу, Хукиев Ибрагим Катибоглу, Мамед Мүрсәлоглу, Алиев Бәчәт Мәһәммәт оглу, Бадалов Баһадүр Абдуллаһоглу, Караев Камал Караоглу, Мераев Әмірстан Берфаоглу, Бадалов Шыңғыс Ахметоглу, Ровшан Мамедоглу, Мамош Каһраманоглу, Ашық Гүлалы Кочалыоглу, Тельман Дямуршаев, Зейнул Фаһриоглу Йектайы, Асампалы Зияоглу Чалабов, Мұртаза Лебисли, Ашық Мәвлүт Ахмедов, Бекир Перишан, т.б.

Түрік ақындары-ашықтарының лирикалық өлеңдері мұңлы – шерлі элегиялық сарынмен жырланған. Түрік халқының туған атамекеніне, ата-бабалық Отандары Түркияға, Қазақстанға деген бауырластық, достық сезімді азаматтық – отаншылдық көңіл-күй сарынымен жырлаған Али Паша Вейселоглуның «Аспинзамға», «Ахысқа», «Қазақтарға ризамын», т.б. Бекир Перишанның «Тағы да Отан туралы», «Біз босқынбыз», «Босқа кетті», т.б., Хукиев Ибрагим Катибоглуның «Ахысқа түріктерінің тарихы», «Тұран жұртым – Түркістаным», т.б., Бадалов Шыңғыстың «Отан ойыма түскенде», Дямуршаев Тельманның «Қадірлеймін қазақты», «Сыр елі», т.б. жырлары түркілік поэзия дәстүрінің поэтикалық жалғастығын аңғартады. Түркі поэзиясының байырғы үлгілерінде негізі қаланған, еріксіз ажыраған ата-бабалық қоныстарды ардақтау, мәңгілік сағыныш сарыны жаңғыра қайталанған.

Қазақстандағы әдеби үдеріске ұйғыр поэзиясы да өзіндік орынымен түркі халықтары ақындары қатарында бағаланады. Ұйғыр ақындарының лирикалық және эпикалық жырларында да азаматтық – отаншылдық көзқарастағы жалпытүркілік сарынның басым жырланғандығын аңғарамыз. М.Абдрахмановтың «Қазақстан», Һ.Искәндеровтың «Егиз көктен нурлар құйып», А.Мүһәммәдийдің «Ечилмас көңлүм», «Яш жүрегім», т.б. өлеңдерінде халық тағдыры, қазақ пен ұйғыр халықтарының ғасырлар сынағынан өткен достығы азаматтық рухпен байқалады. Ұйғыр ақындары өлеңдерінің басым бөлігі байырғы атамекен Шығыс Түркістанның азаттығын аңсаған арманы, Қазақстанның бауырмал көңілі, т.б. тақырыптар болып келеді. Мысалы, Илья Бахтияның «Отан туралы», «Ана жұртқа хат», Х.Һәмраевтің «Қазақстаным менің», «Отаннан жақсы жар болмас», М.Абдурахмановтың «Қазақ досыма», «Әссалам уйғурум», т.б. өлеңдерінде түркі халықтарының үзілмеген тарихи жолы, дербес мемлекеті бар халық болған шындығы, тәуелсіздікті аңсаған ізгі ойы, қазақ халқының аялы алақаны мен достық құшағы, т.б. сан алуан елдік, қоғамдық – әлеуметтік мәселелер романтикалық-реалистік сарын тұтастығымен жырланған.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы еліміздегі ұйғыр халқының поэзиясының дамуына үлкен мүмкіндік туғызды. Ұйғыр ақындары өз ойларын еркін айтып, көсіле жырлады. Ұйғыр ақындары Н.Ахматов, Г. Авутова, Т.Нурахунов, П.Махсатова, И.Тохтияров, Т.Хезиярова, Ш.Баратова, т.б. тәуелсіз еліміздегі береке, бірлікті жырлап, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазақстандағы түркі халықтары құрамында татар ақындарының да шығармалары бар. Татар ақындары шығармаларының жалпытүркілік арнадағы жолының қазақ поэзиясымен тұтаса бағаланып келе жатқаны ақындарының шығармашылық үлестерімен айқындалады. Қазақстандағы татар поэзиясының жалпытүркілік арнада танылуында Ғ.Тоқайдың, М.Жәлелдің жырлары ықпалды орын алады. Қазақстандық татар ақындары дәстүрлі түркілік отаншылдық сарындағы азаматтық лириканы дамыта жырлауы, мысалы, Г.Т.Хайруллиннің «Жамбылға», «Татармын», Ф.Ә.Әбубакированың «Менің Қазақстаным – менің тағдырым», «Қазан, қазан – Сен менің жүрегімдесің», «Осының бәрі біз туралы», «Мен татар екеніме мақтанамын!», Н.У.Юсимованың «Біздің тамыр Қазанда», «Біздің бабалар», «Мұқағали Мақатаевқа», т.б. өлеңдерінде татар мен қазақ халықтарының ұлттық ділін, тілін сақтай, байырғы қоныстарды ардақтау, түркілік дәстүр сабақтастығын құрметтеу сарындарымен ерекшеленеді.

XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Р. Шакиров, Ф.Файзуллина, Г.Галлямова және т.б. ақындардың жырлары еліміздің баспаларынан үздіксіз жарияланып келеді. Мысалы, Г.Хайруллиннің «Татар дигән халық» (2005), «Гомер йомгагы» (2009), «Олга чыктым» (2012), т.б., Р.Абдусаламұның «Изге юллар» (2008), «Изге туган телем» (2012), т.б., Н.Усманованың «Онытылмас шәхесләребез» (2009), «Татарларнын милли йоллалары», «Сагыш» (2013), т.б. Қазақстандағы татар ақындарының поэзиясы классикалық әдеби үрдістің жалғасуы сипатында бағаланады.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақстанның әдеби үдерісі желісінде, онда өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының дамуы лирикалық және эпикалық шығармалардың тарихилық сипатпен, азаматтық-отаншылдық сарынмен жырланған поэтикалық ерекшелігімен айқындалады. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы дамуының көркемдік жалғастығы мен ұлттық бірегейлік сипатының ерекшеліктері – әлем өркениеті кеңістігіндегі тарихи поэтика заңдылығының жолы.

Қазақстан Республикасы – байырғы түркі қағанаттары, Алтын Орда, Египет – Мысыр мәмлүктері, Қазақ хандығы мемлекеттері жерінде берік қалыптасқан өркениеттік әдеби көркем шығармашылық үрдістер тоғысуы тұтастығының негізгі орталығы. Әлемдегі түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларының барлығы да байырғы атамекен – атажұрт Қазақстанның рухани қадірліктерімен тектес, үндес, туыстас арналарынан қол үзбейді.

Қазақстандағы және әлемдегі түркі және басқа да халықтардың фольклоры мен әдебиеті араларын қазіргі заманғы көзқарастар аясында қарастырып жатқан жаңа зерттеулерде де сөз өнерінің бұрынғы – соңғы тектес, үндес поэтикалық табиғатын жүйелеулердің, саралаулардың тың нәтижесіне қол жеткізілуде. Бұл – ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік ойлау дүниетанымы кеңістігін бағалау, тану жұмыстарының үздіксіз жалғасатын шығармашылық жолы.

Пайдаланылған Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Современная литература народа Казахстана, под ред. С.В.Ананьевой. Алматы: Evo Press, 2014-488с.

Литература народов Казахстана. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. -352с.

Тюркские народы: Энциклопедический справочник. Гл. ред. Б.Г.Аяган. – Алматы: ЗАО «Қазақ энциклопедиясы», 2004-384с.

Bütün yönleriyle Ahıska türkleri, Çimkent – 2004

Хайруллин Г.Т. История татар. –А.:Казинтерграф, 1998. -178с.

Абрахманов М. Тәрәкқият баскучлирига бир нәзәр // (Мақалилар вә шеирлар). – Чонжа: Жазушы, 1999. – 222б.

МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ КОНТРАСТИВТЕРДІ ОҚЫТУ (қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдері негізінде)

Донбаева Айнұр Бекетовна

Ф.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Ф.ғ.к., доцент

ainura_donbayeva@mail.ru

Оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын контрастивтер термині гипероним термин (араб тілінде- әл-аддад) ретінде ұсынылды. Қазақ, ағылшын және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиполентті түрлерге жіктелді. Үш тілде де эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Кілт сөздер: қарама-қарсы бірліктер, контрастивтер, гипероним, антонимдер

Термин «контрастивы», который может продолжить традицию именных единиц на языке, который может быть выражен в противоположность семантическим противоречиям, был представлен в качестве термина «гипероним» (на арабском языке-аль-аддад). В ходе классификации контрастивов с казахского, английского и арабского языков, были исследованы антонимы сопоставляемых языков методом оппозиции и подразделились на градуальный, привативный и эквиполентный виды. В отличие от номинативных энантионимов, эмоционально-оценочные энантионимы отличаются качеством продуктивности во всех трех языках.

Ключевые слова: контрастивтеры, гиперонимы, антонимы

The term of a kontrastiva which can carry on tradition of personalized units in language which can be expressed contrary to semantic contradictions was submitted as the term a hyperonym (on Arab al-addad). During classification of